**Кейбір акционерлік қоғамдардың директорлар кеңестері құрамдарының жекелеген мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 тамыздағы № 460 қаулысы

«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 8-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Қуандық Уәлиханұлы Бишімбаевтың « Экономикалық зерттеулер институты», «Сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамдарының директорлар кеңестерінің құрамдарына сайлануын қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК